



KEME

**“ Әдістемелік лайфках”
тренингі
Ғабдолла Мөлдір**



Күні: 13.11.2025

Сағат: 9:30

Өтетін орны: Физика кабинеті

Өзіңізбен: Ноутбук, интернет

@REALLYGREATSITE

13 қараша күні КЕМЕ (кәсібі ерекше мұғалімдер еңбегі) "Сапалы сабақ-нәтижелі білім кепілі тақырыбында **"Әдістемелік лайфках"** кеңесу-әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфкахтармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Тренинг -сессияны ағылшын тілі пәні мұғалімі педагог-модератор **Ғабдолла Мөлдір Дүкенбайқызы** өткізді.

Тренинг - сессия барысында ЖИ құралдарының сабақ барысында тиімді қолдану жолдары айтылып, іс-тәжірибеде қолдану тәсілдерімен бөлісті.

Әдістемелік нұсқау хатта берілген педагогтердің цифрлық көмекшілерінің мүмкіндіктерімен таныстырып, қатысушы мұғалімдер ЖИ көмегімен тесттер мен онлайн кітап жазуды үйренді.

Zipgrade.com

Негізгі мүмкіндіктері

Пайдаланушыларға оқушылардың жауап парағын телефон арқылы сканерлеп тексеруді және тест парағын оңай жасауға мүмкіндік береді.

Жаттықтырушы/оқытушы өз контентін жүктеп, оқушылар мен сынып немесе пән бойынша нәтижелерді автоматты түрде шығарып, сараптауды үйретеді.

Құрал әртүрлі құрылғыларда (компьютер, планшет, смартфон) жұмыс жасау мүмкіндігі бар.

Bookcreator.com

BookCreator — интерактивті сандық кітап жасауға арналған платформа. Пайдаланушыларға өз ойларын мәтін, сурет, бейне, дыбыс арқылы еркін жеткізуге үйретеді.

Бір кітапты бірнеше адам бірігіп жасауы арқылы топпен жұмыс істеуді үйретеді.

Өңгіме, эссе, жобалық жұмыс жасау арқылы жазу қабілетін жетілдіреді.

Платформа оқушылар мен мұғалімдерге креативті ойлауды, цифрлық мазмұн жасауды және оқу процесін қызықты әрі тиімді ұйымдастыруды үйрететін платформа.

Сілтеме: <https://www.instagram.com/p/DRlfxrwjOyP/?igsh=MXd3MWl2YWN5b2lrOA==>